

Мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдықтары (активтері) бойынша тозудың жылдық нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1308 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 790 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.14 N 790 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 800 P980800_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдықтары (активтері) бойынша тозудың жылдық нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдықтары (активтері) тозуының бухгалтерлік есепте айқындалуы мен көрсетілуінің тәртібі туралы ережені әзірлесін және б е к і т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 3 қыркүйектегі
N 1308 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдықтары (активтері) бойынша тозудың жылдық нормалары

Негізгі құрал-жабдықтардың (активтердің) Тозу Тозудың
түрлері мен топтары нормасының жылдық

шифры нормасы

(бастапқы

құнына

%-пен)

1. Үйлер	010		
Өндірістік-шаруашылық мақсаттағы ғимараттар		0101	7
Тұрғын үйлер	0102	2	
II. Құрылыстар	011		
(су айдағыштар, стадиондар, бассейндер, жолдар, көпірлер, ескерткіштер, парктердің, скверлер мен қоғамдық бақтардың қоршаулары, бұрғылау скважиналары, штольнилар мен басқалар)		0111	7
III. Беріліс қондырғылары	012		
Электрберіліс және байланыс қондырғылары		0121	4
Трансмиссиялар мен құбырлар желілері		0122	5
IV. Машиналар мен жабдықтар	013		
Күш машиналары мен жабдықтар		0131	10
Жұмыс машиналары мен жабдықтар		0132	12
Өлшегіш аспаптар	0133	20	
Реттеуші аспаптар мен қондырғылар		0134	20
Лабораториялық жабдықтар		0135	10
Компьютерлік жабдықтар		0136	25
Медициналық жабдықтар		0137	10
Офистік жабдықтар	0138	10	
Басқа да машиналар мен жабдықтар		0139	15
V. Материалдық емес активтер	014		
(лицензиялар, мүліктік құқықтары, брокерлік орындар, гудвилл, бағдарламалық қамдау, ұйымдастыру шығыстары мен басқалар).		0141	10
VI. Көлік құралдары	015		
Темір жол, су, автомобильдік көліктің қозғалғыш құрамы		0151	15
Әуе көлігінің қозғалғыш құрамы		0152	15
Ат көлігі	0153	15	
Өндірістік көлік	0154	20	
Спорт көлігі	0155	23	
VII. Аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар	016		
Аспаптар	0161	30	

Өндірістік құрал-саймандар мен жарақтар	0162	10
Шаруашылық құрал-саймандар	0163	15
Өзге де өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар	0164	10
VIII. Жұмыс малы	017	
Жұмыс малы	0171	12
IX. Өзге де активтер	019	
Көп жыл өсірілген ағаш-бұталар	0191	8
Жерді жақсарту жөніндегі күрделі шығындар	0192	12
Үлгілік жобалау жөніндегі құжаттама	0193	10
Техникалық тасығыш бағдарламалары, оқу кинофильмдері, магниттік дискілер, үнтаспалар мен басқалар	0194	25